

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 12 мамыр N 384. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.03. N 382 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақ ССР Космостық зерттеулер агенттігін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі етіп қайта құру туралы" 1993 жылғы 25 ақпандағы N 1118 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару орган болып табылады деп белгіленсін.

2. А г е н т т і к к е :

аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

Ресей Федерациясы жалға алған объектілерге кірмейтін "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса алғанда Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің ғылымның, халық шаруашылығының, қауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастықтың мүдделері үшін сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің объектілерін пайдалану жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыру;

ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласында Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің мемлекеттік басқару органдарымен, ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;

ғарыш кеңістігін игеру және аэроғарыш, ракета-ғарыш техникаларын пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, халықаралық құқықтың, мемлекетаралық келісімдер мен шарттардың нормаларына сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағындағы ракета-ғарыш техникасы қолданылатын аудандарда табиғат қорғау шараларын атқаруды ұйымдастыру жүктелсін.

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді және жаңа абзацпен

толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.09.13. N 1260 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы қоса беріліп отырған
Е р е ж е
б е к і т і л с і н .

4. Ленинск қаласында Агенттіктің құрылымына кіретін "Байқоңыр" Ғарыш айлағы басқармасы құрылып, оған ғарыш айлағының мүліктік және шаруашылық мәселелерін белгіленген тәртіппен шешу жүктелсін.

5. Агенттік аппараты қызметшілерінің шекті штат саны 31 адам, соның ішінде "Байқоңыр" Ғарыш айлағы басқармасы үшін 10 адам (ғимаратты қорғау және қызмет көрсету қызметшілерін қоспағанда) болып белгіленсін.

Ескерту. 5-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.13.
N 1260 қаулысымен.

6. Агенттіктің Бас директорына 3 орынбасарға, соның ішінде бір бірінші және 7 адамнан құрылған алқаға ие болуға рұқсат етілсін.

7. Агенттіктің бас директорына Агенттік аппаратының құрылымы мен штат кестесін еңбекке ақы төлеудің белгіленген саны мен қоры шегінде бекіту құқы берілсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы және Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттері жанындағы бас басқармалар, комитеті және басқа да республикалық мекемелер аппаратының басшылары, жетекші қызметкерлері және мамандары үшін көзделген еңбекақы жағдайы агенттіктің қызметкерлеріне таратылсын.

Ескерту. 8-ші тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.07.11.
N 948 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Агенттіктің аппаратын ұстауға арналған қажетті қаражат қарастыратын болсын.

10. Медициналық, тұрмыстық қамтамасыз ету және көліктік қызмет көрсету жағдайлары жөнінен Агенттіктің Бас директорының лауазымы Қазақстан Республикасы министрінің лауазымына, ал Бас директордың орынбасарларының лауазымы Қазақстан Республикасының министрі орынбасарларының лауазымына теңестірілсін.

11. Агенттік аппараты үшін қызметте пайдалануға арналған 4 жеңіл автомобильдің және 2 микроавтобустың лимиті белгіленсін.

12. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Агенттіктің өнімі бойынша техникалық құралдар мен телефон, телекс және телефакс байланыстарының арналарын бөлуді белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

13. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің саны 9 адамға қысқартылсын (Ғарыштық зерттеу агенттігі бөлімі

мен министрінің орынбасарының лауазымы).

14. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Агенттік аппаратын орналастыру туралы мәселені бір ай мерзімде шешетін болсын.

15. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жиһаздар, жабдықтар, инвентарлар, шаруашылық тауарлар үшін, сондай-ақ Агенттіктің құзырына жататын халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға арналған қажетті валюталық қаражат үшін жыл сайын қаржы

бөлуді қарастыратын болсын.

16. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы" 1992 жылғы 12 наурыздағы N 221 қаулысының 5 және 6 тармақтарының, 16 тармағының үшінші абзацының, сондай-ақ осы қаулының Ғарыштық зерттеу агенттігі туралы Ереженің жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс ететін бөлігіндегі 16 тармақты екінші абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 12 мамырдағы
N 384 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

жанындағы Қазақстан Республикасының

Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі, мұнан былай Агенттік деп аталады, аэроғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Агенттікті өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын

және басқа заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық келісімдер мен шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Агенттік дербес балансы, банкте шоты, соның ішінде валюталық шоты, фирмалық белгісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы мен қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы бейнеленген мөрі бар, заңды ұйым б о л ы п т а б ы л а д ы .

II. Агенттіктің негізгі міндеттері

4. Агенттіктің негізгі міндеттері:

аэроғарыштық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

Ресей Федерациясы жалға алған объектілерге кірмейтін "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса алғанда Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің ғылымның, халық шаруашылығының, қауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастықтың мүдделері үшін сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің объектілерін пайдалану жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің мемлекеттік басқару органдарымен, ұйымдармен космостық кеңістікті зерттеу және пайдалану саласындағы өзара іс-қимыл жасау;

Қазақстан Республикасының аумағындағы ракета-ғарыштық техникалар қолданылатын аудандарда табиғат қорғау шараларын атқаруды ұйымдастыру;

ұлттық бағдарламалар мен коммерциялық жобаларды қалыптастыру және жүзеге асыру, ғарыштық кеңістікті зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар мен коммерциялық жобаларды жүзеге асыруға ұсыныстар даярлау және қатысу;

ұшу аппараттарын жасауға қатысатын ұйымдар мен кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын үлестіру және олардың ұшуын жүзеге асыру;

ғарыштық кеңістікті игеру және аэроғарыштық техникаларды пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына, халықаралық құқықтық нормаларына, мемлекетаралық келісімдер мен шарттарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасындағы аэроғарыштық қызметтің дамуы үшін қажетті құқықтық, экономикалық, экологиялық және ұйымдық нормалар мен шарттар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгеріс енгізілді және жаңа абзацпен

толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.09.13. N 1260 қаулысымен.

III. Агенттіктің негізгі қызметі

5. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

аэроғарыштық салалардың қызметін құқықтық реттеу және Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асыру жөнінде нормативтік құжаттар әзірлейді және жұмыстар жүргізеді;

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің басқару органдарымен, ұйымдарымен ғарыштық кеңістікті зерттеу және пайдалану саласындағы өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

ұлттық аэроғарыштық бағдарламаларды, соның ішінде аэроғарыштық инфрақұрылым объектілерін пайдалану, конверсиялау және қайта жаңғырту жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды қалыптастырады және жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ғарыштық кеңістікті зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар мен коммерциялық жобаларға, шетел инвестицияларымен жүзеге асырылатын бағдарламалар мен жобаларға қатысатыны жөнінде ұсыныстар әзірлейді және олардың жүзеге асырылуына қ а т ы с а д ы ;

ұшатын аппараттардың ұшуын, түрлі мақсаттағы аэроғарыштық және ракета-ғарыштық жүйелерді құру және жүзеге асыру жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды үйлестіреді;

аэроғарыштық қызметтің хауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлейді және жүзеге асырады;

аэроғарыштық техниканың сертификатын ұйымдастырады;

Жыл сайын Ресей Федерациясының Үкіметі немесе өкілетті органдары ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ракеталық-ғарыштық техникаларды ұшыру жоспарын мүдделі министрліктер мен ведомстволар бірлесіп қарайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді;

аэроғарыштық қызмет саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ұйымдарға, ғылыми басқа форумдарға, саудаға, аукциондарға, көрмелерге қатыса отырып, Министрлер Кабинетінің тапсыруымен Қазақстан Республикасының м ү д д е с і н б і л д і р е д і ;

ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыштық салалар үшін кадрлар даярлау мен қ а й т а д а я р л а у д ы ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

аэроғарыштық ғылым мен ғарыштанудың, перспективалық ғарыштық технологияның, жаңа жабдықтар мен материалдардың ашылымдарының, жаңалықтарының және жетістіктерінің ақпараттық-технологиялық банкі құрады және олардың халық шаруашылығының мүддесіне пайдаланылуына

ж ә р д е м д е с е д і ;

аэроғарыштық ғылымның, техниканың және ғарыштанудың жетістіктерін насихаттайды, бұқаралық ақпарат құралдары мен арнаулы басылымдар арқылы Қазақстан Республикасының ғарыштық кеңістікті зерттеу мен пайдаланудағы мақсаттары мен жетістіктерін жарнамалайды;

"Байқоңыр" ғарыш айлағының мүліктік және шаруашылық мәселелерін белгіленген тәртіппен шешеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шарты жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-ші тармаққа өзгерістер енгізілді және жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.09.13. N 1260 қаулысымен.

IV. Агенттіктің негізгі құқықтары 6. А г е н т т і к :

Қазақстан Республикасының аэроғарыштық қызметіне қатысты министрліктерінің, ведомстволарының және кәсіпорындарының ақпараттық-анықтамалық материалдары мен ведомстволық актілерін сұратып алуға және пайдалануға;

аэроғарыштық және Қазақстан Республикасының онымен шектес салаларының, соның ішінде шетелдік әріптестер мен инвесторлардың қатысуындағы объектілердің базасында бірлескен кәсіпорындар, холдинг компаниялары мен акционерлік қоғамдар құру туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне белгіленген тәртіппен дайындауға және е н г і з у г е ;

кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың ерікті жарнамалары есебінен құрылатын және аэроғарыштық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға, жаңа ғарыштық технология мен техника жасауға бағытталған қорларды ұйымдастыруға және қатысуға;

ғалымдар мен мамандарды, соның ішінде басқа мемлекеттерден де, аэроғарыштық қызмет саласындағы тұжырымдамаларды, бағдарламалар мен жобаларды контракт негізінде әзірлеуге тартуға;

аэроғарыштық салалардың проблемалары бойынша ғылыми-техникалық және арнаулы форумдарға қатысуға және өткізуге, олардың шешімдері мен материалдарын жариялауға құқылы.

V. Агенттіктің басшылығы

7. Агенттікті Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Бас директор басқарады.

Бас директордың Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындаған екі орынбасары және құрамы 5 адамнан тұратын алқасы болады.

Алқа құрамына лауазымы бойынша Бас директор (алқаның төрағасы) және оның орынбасарлары енеді. Агенттіктің басқа да басшы қызметкерлері, сондай-ақ мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың өкілдері алқа мүшелері бола алады.

Алқа мүшелерін Агенттіктің Бас директорының табыс етуімен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Агенттіктің Бас директоры Бас директордың орынбасарларының арасындағы м і н д е т т е р д і б ө л е д і .

"Байқоңыр" ғарыш айлағы басқармасын Басқарма бастығы - Агенттіктің Бас директорының орынбасары басқарады.

Ескерту. 7-ші тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.09.13. N 1260 қаулысымен.

8. Бас директор мен оның орынбасарлары Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуына және өздерінің қызметін жүзеге асыруға тікелей жауап береді.

9. Бас директор Агенттіктің ғарыш-техникалық кеңесін басқарады, ғылыми-техникалық кеңес және оның құрамы туралы Ережені бекітеді.

10. Бас директор Агенттіктің штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы Ережені бекітеді, белгіленген сан лимиті мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Агенттік қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан б о с а т а д ы .

Ескерту. 10-тармақтан сөздер алынып тасталған - 1995.02.06. N 115 қаулысымен.